

## Сандықтау ауданы Балкашин ауылдық округі Балкашино ауылының көшелерін қайта атау туралы

Ақмола облысы Сандықтау ауданы Балкашин ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 7 ақпандағы № 1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 наурызда № 5801 болып тіркелді

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35, 37 баптарына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясы отырысының 2016 жылғы 5 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Балкашин ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сандықтау ауданы Балкашин ауылдық округінің Балкашино ауылының көшелері қайта аталсын:

- 1) Куйбышев көшесі Ағайынды Айсиндер көшесіне;
- 2) Джабайская көшесі Жабай көшесіне;
- 3) Молодежная көшесі Жастар көшесіне;
- 4) Строительная көшесі Болашақ көшесіне;
- 5) Подгорная көшесі Шұбартау көшесіне;
- 6) Западная көшесі Әлихан Бөкейханов көшесіне;
- 7) Горький көшесі Тәуелсіздік көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Балкашин ауылдық  
округінің әкімі*

*Л.Лемешевская*